



Астана қаласы әкімдігінің  
Дін проблемаларын  
зерттеу орталығы

## Қазақстан Республикасы территориясы ішінде сот шешімі арқылы тыйым салынған шетелдік ұйымдардың ТІЗІМІ



Астана қаласы әкімдігінің КММ-нің  
«Дін проблемаларын зерттеу орталығы»  
сенім телефоны: +7 (7172) 78 22 88  
e-mail: [cipr\\_2013@mail.ru](mailto:cipr_2013@mail.ru)  
[www.religii.kz](http://www.religii.kz), [www.dinder.kz](http://www.dinder.kz)

Астана

## Қазақстан Республикасы территориясы ішінде сот шешімі арқылы тыйым салынған шетелдік ұйымдардың ТІЗІМІ

Қазіргі таңда Қазақстан территориясында тыйым салынғандар ішіне мынадай шетелдік ұйымдары кіреді:

### I. 2004 жылдың 15 қазан айында қабылданған Жоғары Соттың шешіміне сәйкес:

**1. «Аль-Каида»** – әр түрлі мемлекеттердегі жауынгерлерді қаржыландырып, бағыт беріп отыратын, тармақталған халықаралық террористік ұйым. Басқаша атауы: (араб.- «база», «негіз», «платформа»). Пайда болу орны мен мерзімі: 1988 ж. Ауғаныстанда.

**2. «Шығыс Түркістандағы ислам партиясы»** – халықаралық террористік ұйым. Басқаша атауы: «Шығыс Түркістандағы ислам қозғалысы», «Аллах партиясы», «Түркістан халықтарының революциялық майданы».

**3. «Өзбекстанның ислам қозғалысы»** – халықаралық террористік ұйым. Басқаша атауы: «Өзбекстанды азат ету исламдық қозғалысы», «Исламдық қайта жаңғыру партиясы».

**4. «Күрд Халық конгрессі»** – («Конгра-Гел») 1978 жылы Түркияның оңтүстік-шығысында ораналасқан өзінше тәуелсіз деп саналатын мемлекетті құруға бағытталған қаруланған күрес жүргізушілер.

### II. 2005 жылдың 15 наурыз айында қабылданған Жоғары Соттың шешіміне сәйкес:

**1. «Асбат аль-Ансар»** – 1985 жылы Хишам Шрейди негізін қалаған, «Айн-аль-Хильва» (Ливан, Сайда қ.) деп аталатын палестиналық лагерде штаб-пәтері бар террористік ұйым. Усама бен Ладеннің бастамасы бойынша осы лагерде әлемнің дамыған алпауыт мемлекеттеріне жіберу мақсатында жауынгерлер дайындалған.

**2. «Мұсылман бауырлар»** – трансұлттық діни-саяси, террористік ұйым. 1928 жылы Египетте Хаса аль-Банна негізін қалаған.

**3. «Талибан» қозғалысы** – қашқын-пуштундар үшін құрылған мұсылман діни оқуларының түлектерінен тұратын ультраконсервативті исламдық қозғалыс. ООН Қауіпсіздік Кеңесімен террористік ұйым деп танылды.

**4. «Боз гурд»** сонымен қатар, «Сүр қасқырлар» деген атпен белгілі, шектен шыққан ұлттық-құқықтық пайданы көздейтін түріктік әскериленген ұйым.

**5. «Орталық Азия мождахеттерінің жамағаты»** халықаралық террористік ұйым. Басқаша атауы: «Исламдық хихад тобы». Негізін қалағандар: «Аль Каида» халықаралық террористік ұйымына қосылған, «Өзбекстанның ислам қозғалысының» әскерилері.

**6. «Лашкар-и-Тайба»** Пәкістандағы әскериленген террористік топ. Басқаша атауы: «Құдай әскері», «Жақсылық әскері», «Әділдік әскері».

**7. «Әлеуметтік реформалар қоғамы»** – үкіметке қарсы бағытталған, қайырымдылық қорларын жамылу арқылы жұмыс жасайтын террористік ұйым. Басқаша атауы: «Джамият-аль-Ислях аль-Иджтимаи».

### III. Астана қаласы Сотының 2006 жылдың 17 қараша айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**1. «АУМ Синрике» («АЛЕФ»)** – ерекше айқын әлеуметке қарсы бағыттағы қауіпті тоталитарлық экстремистік ұйым. 1987 жылы негізін жапон Сека Асахаро қалады. 1995 жылы Жапония метросында әлемді шулатқан газды шабуылмен террористік акт жүзеге асырды.

**2. «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы»** – Шығыс Түркістанға үлкен қауіп төндіруші террористік ұйым. Басқаша атауы: «Шығыс Түркістанның халықтық партиясы» ШАТ.

### IV. Астана қаласы Сотының 2008 жылдың 5 наурыз айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**1. «Түркістан исламдық партиясы»** – сондай-ақ «Түркістан жамағаты» немесе «Жамаат Түркестана» деген атауларымен белгілі. 2004-2005 жылдар аралығында Пәкістанның Вазиристан провинциясында, «Шығыс Түркістан исламдық қозғалысы» халықаралық террористік ұйымының жаңартылуымен құрылды.

### V. Астана қаласы Сотының 2008 жылдың 28 наурыз айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**1. «Хизб-уттахрир-аль-ислами»** – діни-саяси экстремистік ұйым. 1953 жылы Иерусалимде «Мұсылман бауырлар» египеттік қозғалысы филиалы ретінде құрылды.

### VI. Астана қаласы Сотының 2013 жылдың 26 ақпан айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**«Таблиғи Жамаат»** – діни деструктивті ұйым. 1926 жылы Үндістанда мулла Мұхаммед Омардың ұйымдастырылуымен құрылған діни қозғалыс.

### VII. Астана қаласы Сотының 2014 жылдың 18 тамыз айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**1. «Ат-такфир уаль-хиджра»** – халықаралық террористік ұйымы- экстремистік топ деп танылып Қазақстанда жұмыс жасауына тыйым салынған. Бұл ұйым 1971 жылдан бастап жұмыс жасайды. Негізін қалаушы Жоғарғы Египеттен шыққан агроном Шукри Мұстафа (1942-1978).

### VIII. Астана қаласы Есіл ауданы Сотының 2015 жылдың 15 қазан айында қабылданған шешіміне сәйкес:

**1. «Ислам мемлекеті» (ДАИШ)** – террористік ұйым деп танылып Қазақстан Республикасының территориясында жұмыс жасауына тыйым салынған. «Ислам мемлекеті» (ДАИШ) террористік ұйымын Әбу Мұсаб әз-Заркави негізін салған. Ұйымның қазіргі басшысы Әбу-Бәкір әл-Бағдади.